



**Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық  
университеті КеАҚ құрамындағы Кәсіби  
білім беру колледжі 2023-2024 оқу жылы  
Әдістемелік кеңес отырыстарының  
жоспары**



*Колледждің әдістемелік тақырыбы*

*ТжКБ жүйесін трансформациялау және цифрландыру жағдайында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру.*

*Мақсат*

*Педагогтың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру арқылы инновациялық көзқарастағы тұлғаны қалыптастыру.*

*Міндеттері:*

*1. Педагогикалық қызметкерлердің шығармашылық қабілетін және кәсіби біліктілігін, ғылыми шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету;*

*2. Модульдік дуалды, кредиттік оқыту технологияларын сабақта пайдалана отырып, екітілдік әдіс арқылы білім беру үрдісінің сапасын жоғары деңгейге көтеру;*

*3. Инновациялық технологияларды, әдістемелік жетістіктер мен тәжірибені практикаға енгізу;*

*4. Оқытушылардың өзара сабаққа қатысты графигін ұйымдастырып, тәжірибе алмастыру, әдістемелік көмек көрсету;*

*5. Оқыту үрдісіндегі сапалы білім беру мақсатында тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастырып, оқытушылардың интеллектуалды ой-өрісін дамыту кезінде/дебат, конференция, семинар-тренинг, пікірсайыс, дөңгелек үстел, т.б.*

*Күтілетін нәтиже:*

*-Дуалды және кредиттік оқыту технологияларын қолдау арқылы білім берудегі үштілдік әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, жан-жақты құзыретті педагогтың қалыптасуы*



**«Жас мамандар мектебінің» әдістемелік  
семинары**

**Тақырыбы: «Педагогикалық психологиялық  
міндеттер мен проблемалық жағдаяттарды шешу  
жолдары» семинар Жас оқытушылар арасында**



## Мақсаты

*Жас мамандарды қазіргі заманауи талапқа сай, нәтижеге бағдарланған, білім берудегі жаңашыл қызметте жаңа технологиямен жан-жақты іздену арқылы еңбек етуге үйрету барысында психологиялық жағдаяттарды шешуге баулу.*





Жаңадан келген жас мамандарға тәлімгерлер бекітуді ұсынды.

<i>№</i>	<i>Тәлімгер</i>	<i>Жас маман</i>
<i>1</i>	<i>Сейтова А.М.</i>	<i>Бектурганова Ә. Н.</i>
<i>2</i>	<i>Копбаева Қ.А.</i>	<i>Сейтмұратова Ф. З.</i>
<i>3</i>	<i>Ахметова Ш.К.</i>	<i>Турсынова Н.К..</i>
<i>4</i>	<i>Акимбаева Ж.Ж</i>	<i>Калиева А.К.</i>
<i>5</i>	<i>Нурпейсова Г.Т.</i>	<i>Кабетова А.А.</i>





26 қаңтар күні №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінде педагогикалық сала бойынша ТЖКББ ұйымдарының педагогтері арасында қалалық кәсіби шеберлік конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс 3 модуль бойынша жүргізілді: 1 модуль «Мен және социум», 2 модуль «Әдістемелік жоба», 3 модуль «Мультимедиялық технологиялар». Конкурстың мақсаты: Педагогикалық мамандықтар және жалпы білім пәндерінің оқытушысы мамандығының мәртебесін арттыру. Конкурс қатысушыларының педагогикалық тәжірибесін ұсыну және танымал ету. Аталған конкурсқа қаладағы 5 оқу орнының 7 оқытушысы қатысты. Конкурс қатысушыларына «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы ақшалай сыйлықпен марапаттап, қолдау көрсетті. ҚазҰҚПУ құрамындағы кәсіби білім беру колледжінің жалпы білім пәндерінің оқытушысы А.Сеитова II дәрежелі дипломмен және 30 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. «Арнайы пәндер» оқытушысы Ж.Акимбаева белсенді қатысушы Сертефикаты берілді.



Педагогикалық шеберлік мектебі, Тәжірибе алмасу сағаты.  
П.ғ.к., қауымдастырылған проф.м.а. Т.Б.байназаровамен кездесу сәті






Археологиялық қазба (зерттеулердің ) әдістерімен таныстыру, археология ескерткіштердің түрлері және тарихи мәдениет туралы түсінік қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру мақсатында Қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы Н.Джандыбаева «Қазақстан тарихындағы археологиялық қазбалар» тақырыбында зерттеу сабағы өткізілді. Білім алушылармен кездесуге – Әлкей Хапқанұлы Марғұлан атындағы Археология институтының жетекшісі ғылыми қызметкері, археологиялық технологиялар зертханасының меңгерушісі ақымбек Ералы Шардарбекұлы және аталған институтының ғылыми қызметкері шақырылды.



# Балар әдебиеті және мәнерлеп оқыту практикумы





Колледждің әдістемелік апталығында Жандыбаева Назгүл Жаңбырбаеваның ұйымдастырумен «оқытушылардың білімін жетілдіруге кітапхананың рөлі» атты дөңгелек үстел өткізді. Университет кітапханасымен тығыз байланыста болып, оқытушылар кітапхана қоры мен оқу залдарын тиімді пайдалану т.б. сұрақтар бойынша кітапхана әдіскерлері жауап берді.